


2020-2021 оқу жылындағы негізгі көрсеткіші

Көрсеткіштері	2020 - 2021 оқу жылы
Кітапхана қоры	26012
Оқулық қоры	23114
Жаңа буын оқулықтар	4720
Көркем әдебиет	2898
Оқырмандар саны	1110
Келу саны	11132
Кітап берілу саны	14613
Оқылым	18,5
Қор айналым	2.2
Кітаппен қамтылуы	28,5

Мектеп кітапханасындағы кітап қорының өсу деңгейі



Мектеп кітапханасының ең басты атқаратын қызметі – оқу-білім үрдісін оқулықпен, әдістемелік құралмен, әр саладағы әдеби кітаптармен қамтамасыз ететін және кітапхана нормасы мен ережесіне сай жұмыс атқаратын мектептің құрылымы. Мектеп кітапханасының өзгешелігі мен ерекшелігі де осында. Балалар алғаш кітаппен жұмыс істеуді мектептен үйренеді. Ал кітапханашының міндеті-оқуға, кітапқа құмарлығын арттыруға, кітапты қадірлей білуге үйрету. Кітапханадағы әр кітапқа қарап, олардың оқырмандардың қолында көп пайдаланғандығын, не болмаса кітап сөресінде қозғалыссыз тұрғанын байқауға болады. Кітапхана мәдени, рухани ақпарат орталығы болғандықтан бүгінгі атқаратын рөлі зор.

Кітапхана пән мұғалімдермен тығыз байланыста. Әр түрлі мектепшілік іс-шаралар өткізу барысында: олимпиада, ғылыми конференция, пән аптасы, ашық сабақ, семинар, педкеңес, әдістемелік отырыс, жан-жақты тәрбие жұмысы, сынып сағаты болсын керекті материал таңдаған кезде кітапханадан үнемі көмек алуға болады. Тәрбиелік жұмысының негізгі бағытында керекті әдебиетті, газет пен журнал беттеріндегі мақалалардан табуға жетекшілік етеді. Әрбір мектеп іс-шарасына қызығушылық танытып, тақырыптар бойынша көз тартатындай көркем безендірілген, терең мазмұнды ашық көлемді кітап көрмелері ұйымдастырылады және ұсынатын әдебиет тізімі құрастырылады.

Жаңадан ашылған бұл мектеп өзқоры болмағандықтан, қыркүйек айында әр оқушы өзінің келген мектепбінен оқулықпен келіп орташа деңгейдегі кітап қорымен қамтылу болған болатын, осыған орай мектеп кітапханасы қорын сала және әдеби кітаптармен қамту мақсатында қала кітапханаларымен бірігіп «жылжымалы кітапхана» шарасын ұйымдастырдық. Ұйымдастыру аясында оқушылар оқу шапшандықтары мен сауаттылық деңгейлері жақсы деген нәтиже берген болатын. Содан соң мектеп әкімшілігімен бірге отырып «Кітапханаға кітап сыйла» акциясын ұйымдастырған болатынбыз, бұл акция өте жоғары деңгейде өтті. Ата-аналар мен мұғалімдер, қызметкерлер және оқушылар өте жақсы белсенділік танытты.

Кітапхана қорына қалалық білім бөлімінің қоймада сақталған оқулықтарының барлығы беріліп кітапханадағы оқулықтар қорымен толықтырылды. Оқу жылы соңында қала мектептерімен есеп жүргізіліп, келген оқушылардың оқулықтары екі мектеп арасында акт есебі арқылы мектеп қоры баласына алынды. Осындай жүйелі жұмыстар нәтижесімен кітапхана қоры толығып, өз деңгейінде жұмыс жүргізілді.

Үнемі әртүрлі педагогикалық жаңалықтар, жаңа басылымдырдың шығуын қадағалап, идея, эксперименттер, керекті қосымша ақпараттар қарастырылып, сан түрлі анықтамалық материалдар мұғалімдерге көмек ретінде ұсынылады.

Ақпараттық-библиографиялық жұмысына ерекше көңіл бөлінеді. Облыстық, Қалалық т.б. кітапханалармен тығыз байланыста болады, онлайн, офлайн бағытта іс-шаралар ұйымдастырылады.

Кітапхананың мақсаты:

1. Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республикасы үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім министрлігінің бұйрықтарын және осы жоспарды басшылыққа алады;
2. Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйымымен бірлесіп атқарады;
3. Мектептің міндеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, оқу – тәрбие ісін неғұрлым толық қамтамасыз ету мақсатында қорды қалыптастырады;
4. Анықтама – библиография апаратын, кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастырып, кітапхана қорын толық ашып көрсетеді;
5. Оқушыны кітапқа құштарлыққа, кітапхананы пайдалана білуге тәрбиелейді;
6. Кітаппен өз бетінше жұмыс жасау жолдарын меңгеруге, кітап арқылы ой - өрістерін, рухани жандүниесін кеңейтуге, тілін дамытуға, ой - өрісі кең, білімді, парасатты азаматтарын тәрбиелеуге жәрдемдеседі;
7. Мектептегі педагог қызметкерлерінің кәсіптік шеберлігін көтеруге көмектеседі.

Кітапхананың міндеттері:

1. Оқушыларға білім алудың басты құралы – кітап екенін түсіндіре отырып, жас ұрпақтың бойына патриоттық, әділдік, бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыру.
2. Оқырман көңілінен шығып, олардың талаптарын қанағаттандыру бағытында еңбек ету, кітапхананың кітап қорын сақтап, молайту.
3. Кітапханаға келуші оқырмандар санын көбейтіп, жас ұрпақтың бойында кітапқұмарлықты, кітап оқуға қызығушылықты қалыптастыру.

Оқушылардың оқулықпен қамтылуы


Осы оқу жылында мектеп оқушылары оқулықпен мектеп тарапынан 100 % қамтылды.

Мектеп кітапханасының кітап қоры 26012 дана болды, оның ішінде мектеп оқулықтары 23114 дана, жаңа буын оқулықтары 4720 дана. Осы оқу жылында қалалық білім бөлімінен 4720 дана жаңа оқулық берілді. Осы оқу жылында 3005 дана көне әдеби кітаптар кітап қорынан шығарылды.

Ағартушылық, көпшілік, кітап оқуға қызығушылық бағыттағы жүргізілген жұмыстар.

Күнделікті жұмыс барысында мектеп мұғалімдері тәрбие сағаттарына, сабақтарының тақырыбына байланысты материалдар іздегенде кітапхананың көмегіне сүйенеді. Ал оқушылар мәнжазба жазуға үй тапсырмаларына қосымша мәліметтер іздегенде кітап қорын пайдаланады. Тәуелсіз елімізді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарына терезесін тең ететін білім және білімді ұрпақ. Қазіргі таңдағы жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Кітапхана сол оқу орнындағы білімге ұмтылған жас ұрпақтың, сондай-ақ ұстаздардың табылар жері. Демек, мектеп кітапханасының алдына қойған өзекті мәселесі жас ұрпақты тәрбиелеу. Сапасы білім, санасы тәрбие алу үшін, көп оқып, көп іздену керек екенін түсіндіре отырып оларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында мектеп кітапханасында көптеген іс-шаралар жүргізіледі. Әр түрлі тақырыптағы көрмелер: «Кітап – сарқылмас рухани әлем», «Ертегілер еліне», «Күнге бет алған керуен» әдеби вираж онлайн, «Ұлттық теңге – Тәуелсіздіктің белгісі», «Тәуелсіздік- азаттығым, бақ күнім», «Балалар әлеміне саяхат» оқу күні, «Ел рәміздері – ел рухы!», «Мейірім төгетін ана», «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Ел оқитын 30 кітап» көрме, «Алғыс білдіру – ең асыл сөз», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Президент ұсынған 30 кітап», «Кемеңгер Елбасы – ырысы елімінің», «Туған жерім алтын бесігім, Ақтөбем», «Рәміздер – ел мақтанышы», «Теңге – мемлекет келбеті», «Елбасы-Ел тірегі» «Әлемге танылған - Абай», «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», ұйымдастырылып оларға библиографиялық шолу жасалды

Мектеп кітапханасының сыртқы байланысы



С.Бәйішев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы	<ul style="list-style-type: none">• Іс-шараларға қатысу• Танымдық сағат
Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасы	<ul style="list-style-type: none">• Іс-шараларға қатысу онлайн• Портрет сағаты. Көрме
№1 Абай атындағы қалалық кітапханасы	<ul style="list-style-type: none">• Іс-шараларға қатысу• оқу марафоны онлайн• коучинг онлайн
«Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ қарасты №3 қалалық кітапханасы	<ul style="list-style-type: none">• Әдеби вернисаж• Экскурсия• Оқу марафоны• Іс-шараларға қатысу

Оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын дамыту, ойлау қабілетін, көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту мақсатында С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасымен, №1 Абай атындағы қалалық кітапханамен, №3 қалалық кітапханамен, Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханалармен және қала мектептерімен бірлесе отырып бірнеше шаралар өткізілді.



«Кітап – сарқылмас рухани әлем»- атты мектебіміздің алғаш табалдырығын аттаған 1 сынып оқушылары мектеп кітапханасы мен танысуға келіп,экскурсиялық саяхат жасалды. Экскурсия барысында алғашқы оқырмандарға кітапхананың ережелерімен таныстырылды,сонымен бірге кітапханада қандай қызықты ертегілер,балаларға арналған журналдар мен газеттер бар екені және кітап көрмелерімен таныстырылды.Кішкентай бүлдіршіндерімізді алдағы уақытта кітапхананың белсенді оқырмандары болатынына сенімдіміз.



Оқу күніне орай «Ертегілер еліне саяхат» атты кітап көрме жасақталып балалар ертегілер әлемімен танысып оқуға қызығушылық танытуда. Мақсаты: оқушылардың рухани ой-өрісін дамыту,жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағыт-бағдар беріп, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.



«Күнге бет алған керуен» әдеби вираж онлайнМақсаты: Оқушыларға Аристотельден кейінгі екінші ұстаз Әл-Фарабидің өмірі, еңбек жолы туралы түсінік беріп, ғұламаның жаң-жақты ерекше тұлға болғандығын анықтау мақсатында ізденіс жүргізу. Халқымызға білімнің, ілімнің нәрін сепкен аса ірі тұлға Әбунасыр Әл-Фараби мұраларынан нәр алғызып, оқушыларды туған жерге деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке тәрбиелеу.



1-желтоқсан ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай мектеп кітапханасында «Елбасы – Ел тірегі» атты кітап көрме ұйымдастырылды

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың туып өскен жері, өмір жолы, қызмет еткен кезеңдері туралы мәлімет бере отырып, халық үшін жасаған ерен еңбегін жастарға үлгі ету.



«Тәуелсіздік- азаттығым, бақ күнім» - атты оқу марафон

Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының бастарынан кешкен қиындықтар мен күрестер туралы айта отырып, бүгінгінің жеткен жемісі туралы айту. Тәуелсіздік күнінің тарихын ашып көрсету, халық қаһармандарымен таныстыру. Бойларына адамгершілік, отаншылдық қасиеттерін дамыту.



«Балалар әлеміне саяхат» аясында каникул кезінде балалар өз уақытын тиімді пайдалану мақсатында оқу күні ұйымдастырылды, онлайн форматта өткізу барысында өз бетімен оқыған ертегілерін әңгімелеу тыңдалымы

Мақсаты: оқушылардың рухани ой-өрісін дамыту,жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағыт-бағдар беріп, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.



ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау, жастарға патриоттық тәрбие беру бағытында,Мемлекеттік рәміздерге арналған тәрбие іс-шаралар жоспары аясында,Мектеп кітапханасында **«Ел рәміздері –ел рухы!»** тақырыбында кітап көрме жасақталып, 5 класс оқушылары аралығында библиографиялық шолу өткізілді.



«Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы» атты онкүндік шара аясында **«Өзін-өзі тану»** адамгершілік рухани бағдарламасының авторы Сара Алпысқызының еңбек жолы мен шығармашылығы туралы **«Мейірім төгетін ана»** тақырыбында кітап көрме жасақталып, 5 кл аралығында библиографиялық шолу жүргізілді.



Мектеп кітапханасындағы жаңадан келген көркем-әдеби кітаптарға таныстырылым. (видео-ролик. челедж)

«Оқуға құштар мектеп» жобасы * ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Білім беру ұйымдары кітапханаларын перспективалық дамыту жөніндегі Жол картасы». Білім және ғылым министрі А.Айтмағанбетовтың Оқуға құштар мектеп жобасын іске асыру мақсатында, мектеп кітапханасына жаңадан келген көркем - әдеби кітаптарға таныстырылым жасай отырып, кітап оқу челленджін жолдау



ҚР Ұлттық академиялық кітапхананың ұсынысымен «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай биыл, ең үздік 30 кітап таңдалды. Аталған акцияның бағыты қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулуға бағытталған.



1- наурыз Алғыс айту күніне орай тәрбие іс-шаралар жоспары аясында, «Алғыс білдіру – ең асыл сөз» тақырыбында кітап көрме жасақталып, 1-4 сыныптар аралығында презентациялар сайысы ұйымдастырылып, алғыс хатпен марапатталды

Мақсаты: Ризашылық күні – мейірімділік пен ізгілік мерекесі.



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында мектеп кітапханасында кітап көрмесі жасақталып, 9 кл оқушылары аралығында танымдық сағаты өткізілді.

Мақсаты: 1. “Сыбайлас - жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.

2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту.

3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.



Мектеп кітапханасында «КІТАП-БІЛІМ БҰЛАҒЫ» БУККРОССИНГ акциясын 12.03.2021 – 12.04.2021ж аралықта ұйымдастырылуда.. (эстафета жүйесімен)

Мақсаты: Кітап оқуды насихаттау, кітапхана қорын түрлі жанрда кітаптармен молайту, оқырмандар өзі ұнатып оқыған кітабын өзгелермен бөлісу бағытында кітапханаға кітап сыйлау, рухани мәдениетін көтеру.



Мектеп кітапханасында «Президент ұсынған 30 кітап» тақырыбында ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ 11 сынып оқушылары аралығында өткізілді.

Мақсаты: Қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулуға бағытталған.



Мектеп кітапханасындағы жаңадан келген көркем-әдеби кітаптарға таныстырылым. Оқуға құштар жобасы аясында шығарылған «Кітапханада жаңа кітаптар» топтамасын таныстыру мақсатында кітап көрме жасақталып, 2 класс оқушылары аралығында Оқу сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқуға деген қызығушылықты арттыру, оқу дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қорын байыту.



«Бір ел – бір кітап» акциясы аясында, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, жалпыхалықтық оқуға «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітаптың» тізімінде, балалар әдебиетінің ағартушысы - педагог Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай, «Өнер білім бар жұрттар» кітабы ұсынылды. Кел, балалар, оқылық! Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық! – деп қазақ жастарын ең алдымен оқу, өнер, білім, ізгілікке, қайырымдылықты игеруге шақырған Ы.Алтынсариннің «Өнер білім бар жұрттар» атты кітабын оқып талдау



М.Мақатаевтың 90 жылдығына орай, №1 Абай атындағы қалалық кітапханамен бірлесе ұйымдастырылды. (онлайн)

Мақсаты: Ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. М.Мақатаевтың өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің



«Наурыз тойы мереке, салт-дәстүрім береке» атты библиодефиле, №1 Абай кітапханасымен бірлесе ұйымдастырылды. Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.



Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Әубәкіров Тоқтардың ғарышқа ұшқан тарихи күні. 30 жыл

«Ғарышқа түрен салған қыран – қазақ!»

Мақсаты: Оқушыларға ғарыш әлемі туралы түсінік бере отырып. Ғарышкерлердің еңбегін, батылдық ісін мәңгі еске сақтап, мақтан тұтуға тәрбиелеу.



Ұлы жеңістің 76 жылдығына орай, №3 Қалалық кітапханамен бірлесе «Біз ешқашан ұмытпаймыз» онлайн апталық ұйымдастырылды.

Мақсаты: 1. Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары, Ұлы жеңістің мән-маңызы туралы мағлұмат беру.

2. Оқушылардың тіл байлықтарын, ойын, мәнерлеп оқу дағдыларын ұштау.

3. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, қазіргі таңдағы арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерліктерін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу; Отан сүйгіштікке, ел жандылыққа, батылдыққа, шыншылдыққа баулу.

№3 қалалық кітапханада **«Желбіре, жеңіс жалауы»** апталыққа шараға 5 класс оқушылары қатысып, Ақбай Раушан, Талғатқызы Айдана, Назарова Раушан, Төлөпбаева Фатима Алғыс хатпен марапатталды. С.Жиенбаев ат.обл. жасөспірімдер кітапханасы ұйымдастырған Сағи оқуларына қатысып, Латифа Жүніс, Ақерке Ақшолоқова, Тамерлан Кеңшілік Алғыс хатпен марапатталды.

Оқу жылының соңғы айында оқуға жарамсыз, оқу бағдарламасына сай емес оқулықтардың тізімі жасалынып кітап қорынан шығаруға сұраныс жасалды.

Осы оқу жылының есебі жасалынып алдағы оқу жылына жоспар жасалып қалалық білім бөліміне тапсырылды.

Қорытынды

«Жансызды жандандыратын, жандыны жаңғыртатын - кітап», екенін білген, көптеген кітап сүйген оқырмандарымыз да бар. Іздегенін бізден сұрап, сабақтан тыс кезде келіп, көркем-әдеби кітаптарды оқитын оқырмандарымыз да аз емес. Міне осыған байланысты кітапхана күнделікті статистикалық есеп жүргізіп отырады. Бұл есеп кітапхана қорының қозғалысы мен оқырмандардың құрамын, санын айқындайды, кітап беру және библиографиялық жұмыстың мөлшерін айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан кітапханашылар оқырмандарға, яғни мектеп оқушылары мен ұстаздарға жоқтан барын жасап барлық мүмкіндіктерді жасап оқу процестеріндегі жаңашылдықтардан ешқашан қалыс қалмау керек.

«Білімдінің жүзі жарық, білімсіздің жүзі шарық» деп ата-бабамыз бекер айтпаған. Кітапты үзбей оқып, өзімізге сенімді дос ретінде қабылдайық. Кітап өмірімізге бағыт сілтеп тұратын шамшырағымыз деп білейік. Кітаптың ұлы қасиетін бағалап, құрметтеп жүрейік.

Ұсыныс:

1. Сынып жетекшілер тәрбие сағаттарында кітапхананың пайдалану ережесі мен кітаптың шығу тарихын туралы ақпараттар берілсе (сынып жетекші немесе кітапханашы);
2. Бастауыш класс жетекшілері оқу техникасы төмен оқушыларын кітапханамен тығыз байланыста ұстаса,
3. Әр дайым баспасөз беттеріне жарияланған мақалаларды кітапхананың оқу залынан келіп аптасына ең кем дегенде бір рет келіп оқып, танысса;
4. Мектеп кітапханасында өткізілетін іс-шаралар мен әртүрлі тақырыптағы акцияларға белсене қатысып тұрса.

Кітапхана меңгерушісі:

Н.М. Конырова

**Ақтөбе қаласындағы №39 қазақ орта жалпы білім беру
мектеп кітапханасының 2020 – 2021 оқу жылының
жылдық есебі**

Ақтөбе, 2020 ж